

№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасы

Ұйымдастырылған оқу қызметі

«Әдемі гүлдер»

«Құлыншақ» кіші тобы

Тәрбиешісі: Закиева З.Ж.

Атырау 2022 оқу жылы

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Жаратылыстану»

Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»

Мақсаты:Білімділігі: Балалардың гүлдер туралы білімдерін бекіту, негізгі төрт түс қызыл, сары, жасыл, көк түстерді салыстыра білу, сәйкестендіре білу туралы білімдерін, аз-көп ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Сөйлеу тілін дамыту мақсатында тақырыпқа сай тақпақ айтқызу, сөзбен сөзді байланыстырып сөйлете отырып, естігенін қайталай білуге,сұраққа жауап бере білуге үйрету.

Дамытушылығы: Есте сақтау қабілетін, тіл байлығын, дыбыстық дамыту.

Тәрбиелігі:Үлкенді сыйлауға, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға, көмек көрсетуге, ептілікке,жақсы мен жаманды ажырата білуге,тәрбиеші нұсқауын орындауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Аю, көбелектер, қызыл, сары, жасыл, көк гүлдер, құмыралар, слайд.

Жаңа сөздер: сукұйғыш, тырнауыш

Әдіс-тәсілдер: Шаттық шеңбері, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ғажайып сәт, сергіту сәті, дидактикалық ойын.

Шаттық шеңбері

Айналаға алақанмен,

Жылулықты шашайық.

Сәттілік тілеп, күлімсіреп,

Оқу қызметімізді бастайық.

Саусақ ойыны: «Біздің гүлдер»

Балалар әдемі саусақтарымызбен жаттығу жасап жіберейік

Біздің күлтелер ашылады,

(бір - бірімен қосылған саусақтар ашылады)

Баяу жел үрледі.

(саусақтарды оң және сол жаққа еңкейтеміз)

Әдемі гүлдің күлтелері жабылады,

(саусақтарды бастапқы қалпына жабамыз)

Бастарын қозғалтады, тәтті ұйқыға кетеді.

(алға – артқа, оңға – солға қозғалтады)

(бұл ойынды бірнеше рет ойнатады)

Мотивациялық қозғаушы

1. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілі.
2. . Көктем мезгілінің неше айы бар?
3. Көктем мезгіліндегі табиғат өзгешеліктері
4. **Жұмбақ жасыру.**

Су құйсаң болды,

кетеді бойлап.

Әдемі, жұпар.

Не Көрші ойлап?! (Гүл)

Сиқырлы сәт: Аю келеді.

Тәрбиеші: Салеметсіңбе аю неге көңіл күйің жоқ?

Аю: Салеметсіңдерме балалар. Мен Машаға гүл сыйлағым келіп мына гүлге су құйсамда өспейді

Тәрбиеші: Қане көріп жіберейін. Аю мына гүлің жасанды гүл екен біздер дәл қазір «Әдемі гүлдер» туралы оларды баптап күту жолдары туралы өткелі жатқанбыз сен балармен отырып тыңдасаң қайтеді. Сендер мұқият қарап, тыңдап алыңыздар !

Аю: Жарайды отырайын.

- .

Тәрбиеші: - Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі, көп деген дәрі-дәрмек жасалады. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар,

адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет.

Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп қоймайды оған көрік беріп, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Ендеше балалар экранға назарымызды аударайық. Гүлдер үш топқа бөлінеді: дала гүлдері, емдік гүлдер, бөлме гүлдері. Біздер бөлме гүлдерімен танысамыз.

Тәрбиеші: бөлме гүлдерін көрсетіп, әңгімелейді. Барлық өсімдіктер күнді

және жарықты жақсы көреді, сондықтан да оларды терезенің алдына қоямыз. Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.

Фикус – шаңсорғыш сияқты жұмыс жасайды. Сондай-ақ, бөлме ішін ылғалдандырып, уытты заттардан тазартады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды. Сондай-ақ, бөлмедегі гүлдер ауа қысымын және ылғалдылықты реттеп отырады. Бөлмеде төселген линолеумнан бөлінетін уытты заттарды жоятын қабілеті бар.

Ал мынау алоэ – өсімдігі.

Жапырақтары тікенді болып келеді, бірақ тікені қолымызға кірмейді. Алоэнің емдік қасиеті бар одан дәрі-дәрмек жасайды. Алоэ — үйге аурудың бактерияларының енуіне төтеп береді. Бөлменің энергетикалық қалпын жақсартады. Егерде бір жеріңізді жарақаттап алсаңыз сол жерге осы алоэні кесіп шырынын жақсаңыз тез жазылып кетеді.

Кактус бұл- қазіргі таңда адамдар интернет желісінде көп қолданылады. Сондықтан бұл гүл компьютер алдына қойып қояды. Өйткені компьютердегі бөлінген адамдарға зиянды вирустарды жояды.

Қазтамақ – хош иісті жапырақтары, сондай-ақ шипалық қасиеті үшін де өсіреді. Гүлдері қызыл, көкшіл, күлгін, ақ түсті ал, жапырақтары түкті ашық жасыл, түсті болып келеді.

Қазтамақ тез өсетін, оңай көбейтілетін, күтімі жеңіл гүлдерге жатады.

Сергіту сәті:

Шаршағанда ырғалып,

Гүлге ұқсап дем алам.

Қанатымды бір қағып,

Гүлдей болып жайқалам

Аю:- Жарайсындар балалар! Сендер өте ақылды балалар екенсіңдер. Енді гүлді қалай өсіру керек екенін білдім. Мен орманыма кетейін. Сау болындар!

Тәрбиеші: Сау болыңыз! Мына гүлді саған сыйлаймыз. Балалардың саған сыйлаған сыйы, Машаға сыйға тартарсың қуанып қалсын.

Аю: рахмет

Дидактикалық ойын: «Сәйкестігін тап»

Мақсаты: түстер туралы білімдерін бекіту.

Барысы: Әр гүлге түсіне сай көбелекті орнату.

Рефлексиялық түзетушілік.

Қорытынды:

Балалар бүгінгі оқу қызметіміз ұнадыма?

Біздер нелермен таныстық?

Мынау не, жапырақтың түсі қандай?

Гүлге қалай су құямыз?

Мадақтау.

Балаларды мадақтау.

№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасы

Ашық сабақ

«Ас атасы - нан»

«Аққоян» ПДК ортаңғы тобы



Тәрбиешісі: Закиева З.Ж.

Атырау 2020 – 2021 оқу жылы.

